

Инвестициялық бағдарламалардың конкурсын өткізудің кейбір мәселелері

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 2000 жылғы 13 қаңтар N 68

Қазақстан Республикасы Президентінің "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" U962828_ заң күші бар Жарлығының 41-1-бабына сәйкес республиканың кейбір аймақтарын отынмен қамтамасыз ету және халықты қысқы жағдайда көмірмен жабдықтаудың тоқтаусыздығы проблемаларын жедел шешу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі агенттігі:

Алматы облысындағы Ойқарағай қоңыр көмір кен орнының көмірін өндіру;
Қарағанды облысындағы "Долинская" шахтасын таукендік бөлу
инвестициялық бағдарламаларын конкурсқа қойсын;

конкурстың шарттарында өтінім берушінің келісімшарттық аумақтардың өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылымдарын дамыту және онда кен орнын ұтымды және тиімді игеру жөніндегі өз материалдық базасы болуы жөніндегі міндеттемелерін көздесін;

көрсетілген конкурстарды тиісті әкімдер өкілінің қатысуымен бір ай мерзімде өткізсін;

осы қаулыны іске асыру жөнінде өзге де шаралар қабылдасын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:

Қобдалиева Н.М.

Орынбекова Д.К.

